

Әуе кемелерін есептен шығару ережесін бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2005 жылғы 18 қазандағы N 221 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 11 қарашада тіркелді. Тіркеу N 3930. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 9 наурыздағы № 123 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2011.03.09 № 123 (ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 26-б) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті туралы ереженің 10-тармағының 2) тармақшасына

с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н

1. Қоса беріліп отырған Әуе кемелерін есептен шығару ережесі бекітілсін.
2. Ұшу жарамдылығы нормаларын қамтамасыз ету бөлімі (Д.М.Серікбаев) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті ұшу қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалау басқармасының бастығы А.Б.Жолдыбаевқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрлігі
Азаматтық авиация комитеті
төрағасының
2005 жылғы 18 қазандағы
N 221 бұйрығымен бекітілген

Әуе кемелерін есептен шығару ережесі 1. Жалпы ережелер

1. Әуе кемелерін есептен шығару ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Ереже азаматтық әуе кемелерін және басқа да авиациялық техниканы есептен шығару тәртібін реттейді, авиациялық техниканы есептен шығару үшін қажетті құжаттардың тізбесін белгілейді.

3. Есептен шығаруға тағайындалған ресурсы біткен немесе табиғи тозу, апат, авария, жөндеуге келмейтін конструкциялық-өндірістік кемшіліктер анықталу, жойылу, жоғалу (іздеу жұмыстары тоқтатылғанда), мәжбүрлікпен қонған жерден эвакуациялау мүмкіндігі болмау, жөндеу мен қалпына келтіру орынсыз болу салдарынан жарамсыз болған мынадай азаматтық авиациялық техника:

1) әуе кемелері;

2) авиациялық қозғалтқыштар;

3) планерлер (экипажды, жолаушыларды, жүк пен жабдықты орналастыруға арналған ұшақ корпусы, оған қанат, қозғалтқыштар бекітіледі);

4) ұшу-қону құрылғылары (ұшақтың ұшуын жақсартуға және қонғаннан кейінгі тежеуішті қамтамасыз етуге арналған жалғасқанатшалар, тежеуіш қалқаншалар);

5) жинақтаушы бұйымдар (орнатылған кез келген құралдар, жабдық, стандарттық бөлшектер және әуе кемесінің ұшуын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын басқа да жинақтаушы бұйымдар) және агрегаттар;

6) әуе кемелері тренажерлары есептен шығаруға жатады.

4. Авиациялық техниканы есептен шығару меншік нысанына қарамастан пайдаланушының басшысы бекітетін немесе әуе кемелері меншік иесінің авиациялық техниканы есептен шығару туралы актінің (Ережеге 1-қосымша) негізінде жүргізіледі.

5. Әуе кемесінен, авиациялық қозғалтқыштан алынған және қалпына келтіру жөндеуінен кейін қалпына келтіруге жататын жинақтаушы бұйымдар, бөлшектер, агрегаттар консервацияланады және одан әрі пайдаланылады.

6. Қалпына келтіруге жарамайтын бөлшектер, агрегаттар және жинақтаушы бұйымдар бөлшектендіріледі және есептен шығарылады. Бұл ретте осы бұйымдардың пайдаланымдағы әуе кемелері мен авиациялық қозғалтқыштарда пайдалануға рұқсат берілмейді.

2. Авиациялық техниканы есептен шығару және құжаттама ресімдеу тәртібі

7. Пайдаланушының басшысы немесе әуе кемесінің меншік иесі құратын авиациялық техниканы есептен шығару жөніндегі комиссия (бұдан әрі -

Комиссия) жасаған Авиациялық техниканы есептен шығару актісі немесе авиациялық оқиғаны тексеру жөніндегі комиссия есебі авиациялық техниканы есептен шығаруға бастапқы құжат болып табылады.

8. Комиссия мынадай құрамда құрылады:
эуе кемесін пайдаланушының басшысы немесе бас инженері;
бөлімше бастығы (техникалық қызмет, техникалық қызмет көрсету жөніндегі
ц е х) ;

өндірістік-диспетчерлік бөлімнің өкілі;
техникалық бақылау бөлімінің өкілі;
материалдық-техникалық қамтамасыз етудің өкілі;
қаржы қызметінің өкілі.

Жөндеу зауытындағы авиациялық техниканы есептен шығару актісін ресімдеу кезінде комиссия құрамына авиациялық техника меншік иесінің өкілі немесе оның сенімді тұлғасы енгізіледі.

9 . К о м и с с и я :

1) есептен шығаруға жататын объектіге тексеру жүргізеді, пайдалану, техникалық құжаттаманы (формулярлар, паспорттар, этикеткалар) зерделейді, объектінің қалпына келтіру мен одан әрі пайдалануға жарамсыздығын анықтайды ;

2) осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген объектіні есептен шығару себептерін анықтайды ;

3) есептен шығарылатын объектінің жинақтаушы бұйымдарын, құралдарын, бөлшектерін одан әрі пайдалану мүмкіндігін анықтайды.

10. Есептен шығарылған авиациялық техниканың жинақтаушы бұйымдарын пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін Комиссия олардың техникалық жай-күйіне талдау және пайдалану құжаттамасына (формулярлар, паспорттар, этикеткалар) талдау жүргізеді. Қажет болғанда жинақтаушы бұйымдардың (әсіресе қымбат бағалыларын) техникалық жай-күйін бағалауды нақтылау үшін олардың бөлшектеніп зертханаға немесе жасаушы кәсіпорынға (уағдаластық бойынша) жіберілуі мүмкін.

11. Талдау негізінде эуе кемесінің, авиақозғалтқыштың жинақтаушы бұйымдардың техникалық жай-күйін бағалау ведомосі жасалады (Ережеге 2-қосымша), ол авиациялық техниканы есептен шығару актісіне қоса беріледі.

12. Авиациялық техниканы есептен шығару актісінде авиациялық техниканы сипаттайтын деректер көрсетіледі: үлгісі, тану белгісі, зауыт нөмірі, шыққан күні , пайдалану күнінен бастап және соңғы жөндеуден кейінгі істеген жұмысы (ұшу сағаттарында, қонуда, ұшуға жіберілгенде немесе циклдарда), жөндеу жұмыстары саны, бастапқы құны (қайта бағаланғандар үшін - қалпына келтіру), бухгалтерлік есептің деректері бойынша амортизациялық аударымдар сомасы,

авария, пайдалану шарттарын бұзу, табиғи апатқа байланысты есептен шығару кезіндегі шығынның мөлшері. Техникалық жай-күйді талдау есептен шығару объектісін тексерудің нәтижесін көрсету, оған толық сипаттама және қалпына келтіру орындылығының немесе мүмкіндігі жоқтығының негіздемесін беру тиіс.

13. Әуе кемесін немесе авиациялық қозғалтқышты есептен шығару кезінде авиациялық техниканы есептен шығару актісі мен жинақтаушы бұйымдардың техникалық жай-күйін бағалау ведомосі үш данада жасалады. Бірінші данасы пайдаланушыда немесе авиациялық техниканың меншік иесінде қалады, екінші және үшінші даналары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетіне жіберіледі.

14. Мерзімінен бұрын тозу, пайдалану шарттарының бұзылуы, зақымдану салдарынан авиациялық техниканы есептен шығару кезінде авиациялық техниканы есептен шығару актісіне комиссияның қарау материалдары қоса беріледі.

15. Комиссия қол қойған авиациялық техниканы есептен шығару актісі және әуе кемесінің, авиакөзғалтқыштың жинақтаушы бұйымдарының техникалық жай-күйін бағалау ведомосі пайдаланушының басшысына немесе авиациялық техниканың меншік иесіне бекітуге беріледі.

16. Комиссия қол қойған және пайдаланушының басшысы немесе авиациялық техниканың меншік иесі бекіткен авиациялық техниканы есептен шығару актісі, әуе кемесі жинақтаушы бұйымдарының, агрегаттарының, бөлшектерінің техникалық жай-күйін бағалау ведомосі Әуе кемесін тіркеу туралы куәліктің және Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы куәліктің түпнұсқаларымен бірге Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитетіне жіберіледі.

17. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті ұсынылған құжаттардың негізінде авиациялық техниканы есептен шығаруға шешім қабылдайды, ол туралы пайдаланушыны немесе осы авиациялық техниканың меншік иесін хабардар етеді.

18. Әуе кемесін Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелері мемлекеттік тізілімінен шығарғаннан кейін пайдаланушы немесе авиациялық техниканың меншік иесі авиациялық техниканы есептен шығаруға арналған рұқсатты, Әуе кемесін тіркеу туралы куәлікті және Әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы туралы куәлікті жою туралы құжаттарды алып, авиациялық техниканы бөлшектеу мен ұшуға жарамсыз жай-күйге келтіруге кіріседі, техникалық құжаттама жойылады.

Азаматтық авиациялық техниканы
есептен шығару ережесіне

П а й д а л а н у ш ы н ы ң
(меншік иесінің) басшысы

20 ____ жылғы " ____ " _____

**Авиациялық техниканы (өуе кемесін) есептен шығару
АКТІСІ**

Біз, 200 ____ жылғы " ____ " _____ N ____ бұйрықтың негізінде, үлгісі _____
____, тану белгісі _____, зауыттық нөмірі _____, зауыттан шығарылған күні
____ жыл " ____ " _____, зауыттан шыққан күнінен бастап _____ сағ., _____
мин., қону саны _____, қозғалтқышты қосу (циклдар) саны _____, жөндеу саны _____
____, соңғы жөндеуден кейін _____ сағ. _____ мин., қону саны _____,
қозғалтқышты қосу (циклдар) саны _____, мынадай себептермен:

_____ жарамсыздық қалыпқа
келген, есептен шығару туралы шешім қабылдау үшін тағайындалған, төменде
қол қойған мынадай құрамдағы комиссия

Төрағасы _____
және мүшелері _____

Өуе кемесінің бастапқы құны (қайта бағаланғандар үшін - қалпына келтіру құны)
_____ т е ң г е .

Бухгалтерлік есептің деректері бойынша амортизациялық аударымдар сомасы _____
_____ т е ң г е .

Қалдық құны _____ теңге. Шығын мөлшері (авария салдарынан есептен
шығару, пайдалану шарттары бұзылу, зілзала жағдайында), қалдық құнынан
басқа _____ теңге.

Техникалық жай-күйді талдау _____

Ескерту. _____
техникалық жай-күйін талдау сырттай қараудың нәтижесін көрсету және негізгі бөлшектерге толық сипаттама мен бағасын беру тиіс. Жинақтаушы бұйымдардың техникалық жай-күйін сипаттау осы актіге қосымша болып табылатын ведомоста берілген.

Комиссия қорытындысы _____

К о м и с с и я т е р а ғ а с ы :

Комиссия мүшелері:

Азаматтық авиациялық техниканы
есептен шығару ережесіне
2 - қ о с ы м ш а
" Б е к і т е м і н "

П а й д а л а н у ш ы н ы ң
(меншік иесінің) басшысы

20 ____ жылғы " ____ " _____

_____ тиесілі әуе кемесі жинақтаушы бұйымдарының, тану белгісі N _____ авиакөзғалтқыштың техникалық жай-күйін бағалау

ВЕДОМОСІ

200 ____ жылғы " ____ " _____ N ____ бұйрықпен тағайындалған мынадай
қ ұ р а м д а ғ ы к о м и с с и я :

төрағасы _____
(ла у а з ы м ы , а т ы - ж ө н і)

мүшелері _____
(ла у а з ы м ы , а т ы - ж ө н і)

есептен шығарылатын әуе кемесі жинақтаушы бұйымдарының, авиакөзғалтқыштың техникалық жай-күйін бағалап мынаны анықтады:

р/с N	Бұйым атауы	Үлгі- сі, сызу нөмірі	Зауыт нө- мірі	Баға	Техни- калық жай-күйі	Әрі қарай пайдалану туралы белгі	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8

1. Қозғалтқыш жөндеуге, қалпына келтіруге жарамайды
2. Әуе винтін қалыпқа келтіру мүмкіндігі бар (лом НВ.РВ. Бұйымға жарату)
3. Ұшырудың борттық қондырғысы
4. Жанармай бағы
5. Май бағы
6. Жанармай сорғышы
7. Сорғыштық станция
8. Қозғалтқыш аспасының тіркеуіші (моторлы, редукторлы рамаларға)
9. Май және жанар-жағармай радиаторлары және т.б.

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы :

Комиссия мүшелері: